

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

# ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

ғылыми-әдістемелік журнал



2.2008



## М А З М Ұ Н Ы

### Ғылыми зерттеулер мен деректемелер

Ханкелді ӘБЖАНОВ. Мәдениет, мәдени мұра және тәуелсіздік .....	3
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ. Қазақстанға ұлттық идеология қажет емес пе? .....	9
Мұхтар ҚОЖА. Отырар қашан және не себепті күйреді? .....	13
Талғат ЖУМАҒАНБЕТОВ. Түріктердің мемлекеттік аппараты .....	18
Досалы САЛЖЫНБЕК. Артық туған Абылай .....	21
Болатбек НӘСЕНОВ. Әбілхайыр хан туралы .....	25
Әсет ПАЗЫЛОВ. Мәшһүр-Жүсіптің өулиелігі туралы .....	27
Лаура ИСОВА. Мұстафа Кемал Ататүрік .....	31
Енгін АҚҒҮН. Анадолы түріктерінің өлікті жерлеу дәстүрі .....	35
Т.ОМАРБЕКОВ, О.МУХАТОВА, т.б. Жетіру тарихын қалай жаздық? .....	39
Қамбар АТАБАЕВ. Қазақстанда «Жас қазақ» ұйымы болды ма? .....	44
Үлжан АХМЕТОВА. Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы .....	47
Нәзия ТӘСІЛОВА. Щербинаның экспедициясы .....	51
Әсем БАКИЖАНОВА. Роль развитаия скотоводства в Букеевской орде .....	58
Мүсәйін СЫДЫҚОВ. Тана мырза хақында .....	61
Алла ЖЫЛАНКӨЗОВА. Қазақстандағы аграрлық оқу орындарына арналған ережелер .....	64
Нұрлыгүл ӨЛКҮЛОВА. Соғыс жылдарындағы мектептер қызметі .....	67
Еркін ЕРМУҚАНОВ. Азаматтық қарсы тұру жылдарындағы қазақ ауылының жағдайы .....	71
Болат САЙЛАН. Қазақстан жастарының тыңға тартылуы және ондағы кемшіліктер .....	73
Құдайберген МӘМБЕТОВ. Нағыз шындық .....	77

### Әдістеме және оқу құралдары мәселелері

Бағлан ӘБДІҒҮЛОВА. Елбасының халыққа жолдауы .....	81
Гүлнәз ҚАРАТАЙ. Қазақстан — атамекенім .....	85
А. ТЫНЫШБАЕВА, Г.АЙҚЫНБАЕВА. 11 жылдықтан 12 жылдық мектептің несі артық? .....	87
Кәмила БҮКІБАЕВА. Мектеп оқықтарының сапасы не себептен төмендеп барды? .....	91
Мақсат АРУНОВ. Қатесіз оқулық — дұрыс білім кепілі .....	93
Жәмила ҚОЖАРИЯНОВА. Ізденіс-зерттеу сабағы .....	95
Жібек ҚАЗАҚБАЕВА. Қазақстан Кеңес-Герман соғысы жылдарында .....	96
Гүлсім ЖАРБОЛОВА. Новые технологии преподавания .....	99
Райгүл ЕСЕНБАЕВА. Тарихқа саяхат .....	100
Бибігүл ТҮРҒАНБАЕВА. Құқықтық тәрбие — оқушы тұлғасын қалыптастыру кепілі .....	101
Кәйша ӘБДРАХМАНОВА. Жеке адам құрылымы .....	103
Векболат ЕЛЖАШОВ. Бабалар аманаты — бірлік! .....	105
Рая СӨМБЕТЖАНОВА. Ана деген — тіршіліктің тірегі .....	107
Гүлжан МҰРАТОВА. Жүзден жүйрік .....	109
Қымбат СҮЛЕЙМЕНОВА. Алматы агломерациясы .....	110
Бөтемхан ТОҚЫШЕВА. Толеранттылық — тарих тағлымы .....	116
Әлфия ЕРКІНҚЫЗЫ. Геродот .....	122
Аюбай ҚҰРАЛҒҮЛЫ. Тарихқа байланысты терминдер .....	124



## МҮСТАФА КЕМАЛ АТАТҮРІК

– Ұлт көсемі, бүкіл түркі дүниесінің ортақ мақтанышы

Лаура НИСОВА,  
тарих ғылымдарының кандидаты,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дүние жүзі  
тарихы кафедрасының доценти

*2007 жылдың желтоқсанындағы Түрік Республикасының жаңадан сайланған Президенті Абдолла Гюльдің Астанаға мемлекеттік сапары барысында, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Үкіметке Түркияның тұңғыш президенті, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Кемал Ататүрікті мәңгі есте қалдыру үшін Қазақстанда ескерткіш орнату туралы тапсырма берді [1]. Мұндай ізгі бастама — түркі дүниесінің көсемі, заманының ұлы перзенті Мұстафа Кемал Ататүрікке деген Елбасының аса зор ілтипаты.*

Батыс Азия, Орта Шығыс, Солтүстік Африка, Шығыс және Оңтүстік Еуропаға жеті ғасыр үстемдік еткен түрік Осман империясының шаңырағы I дүние жүзілік соғыстан кейін қатты шайқалып, түрік халқының тағдыры сынға түскен кез болды. Сан ғасыр отарлаушы болып келген түріктер керісінше, отарлануға тап болып, маңызды стратегиялық жерлері Антанта әскері тарапынан оккупацияланды. Осындай қиын-қыстау кездерде генерал Мұстафа Кемал Ататүрік алға шығып, елді ұйымдастырып, Еуропаның интервенттеріне қарсы сұрапыл соғыс жүргізу арқылы жеңіске қол жеткізіп, Түркияны отарлаудан сақтап қалды. Сондай-ақ ол зауалға бет алған Осман империясын ыдыратып, оның орнына жаңа Түрік Республикасын құрды. Алайда, I дүние жүзілік соғыста ауыр шығынға ұшырап, қарызға батқан Түркияда жаңа мемлекет құру оңайға түскен жоқ. Бірақ Мұстафа Кемал Ататүріктің ақыл-парасаты мен шебер ұйымдастырушылық қабілетінің нәтижесінде Түркия Республикасы өзінің мемлекеттік іргетасын берік қалап, болашаққа нық қадам басты. Сондықтан Түркия Республикасының қалыптасуы осы ұлы тарихи тұлғаның есімімен тығыз байланысты екендігі баршаға мәлім. Алайда, Мұстафа Кемал Ататүріктің кетеуі кеткен империяның қалдығынан жаңа республикалық мемлекет құру тәжірибесінің ғылыми-теориялық және практикалық

маңызын екінің бірі жете түсіне бермейді. Бүгінгі посткеңестік түркі тілдес республикалардың төуелсіз мемлекет құру практикасына Мұстафа Кемал Ататүріктің тарихи тәжірибелерінің маңыздылығы айқын байқалады.

Мұстафа Кемал Ататүрік жаңа мемлекет құру барысында түрік халқының ішкі береке-бірлігін арттырумен, өзіне деген сенімін қалыптастыруға баса назар аударды. Сондықтан оның ұлттық легализмшілдерге қарсы “түрік болу қандай бақыт!”, “түрікке түріктен басқа дос жоқ” деген даңқты сөздері түрік халқының рухын көтеріп, мемлекет құруға сенімін қалыптастырды. Міне, бұл түрік халқының жаңа мемлекет құруының рухани күш-қуатының қайнарына айналды.

Кемал Ататүрік көзі тірісінде-ақ атағы жария болған тұлға еді. 1881 жылы Салоникиде дүниеге келген Мұстафа, орта дәрежедегі шенеунік болған әкесі Әли Риза өпендіден ерте айырылады да, анасы Зұбайда-ханымның тәрбиесімен жетіледі. Ерік-жігері күшті ана қасиеті баласына дарып, Мұстафа Кемалдың қатаң мінезді және дара шешім қабылдай алу қабілетінің қалыптасуына жол ашты. 12 жасында өзінің қалауымен туған жеріндегі әскери училищеге түседі де, екі жылдан соң Монастырдағы (Битоль) әскери лицейге ауысады. Кемал таңдаған әскери мамандық оның саяси ұстанымдарының қалыптасуына да мықтап әсер етеді [2, 6-7-66.].

ауылы арқылы өтіп, Қарағандың баруды жоспарлап шығады. Бұл жолмен бірнеше рет жүрген, Ескеддіге келгенде қол жайып өту керек екенін білетін азамат бола тұра, Бөкембай тауының етегіне тоқтап, жолдасы екеуі алып шыққан шапартарын ішіп, ары қарай аяндайды. Ескеддің маңына келе бергенде автокөлігінің екі бірдей доңғалағы жарылады. Оны істеп барып жүрейн десе машинасы от алмайды. Ана жерін, мына жерін шұқылап, әйтеуір от алдырады. Күн болса батып келеді. Ал жүргізуші жігіт өзінің жол білетініне сеніп, жүріп кетеді. Солай жүріп отырып бір уақытта өзінің басып өткен «Қарасу» совхозынан қалай шыққанын білмей де қалады. Қатесін түсініп, атамыздың бейітінің жанында тұрып, құран оқып, қол жаймағанына өкініп, тізесін соғып, қайтадан қалаға қайтты деп жолда көрген жандар айтып келген болатын. Бұл төңірегінде Екібастұз қаласында шығатын «Отарқа» газетінің 1999 жылғы бір санында «Келесі бір қасиет иесі М.Ж. Көпеев» деген мақала жарық көрген болатын.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев кейбір уақытта Шапықтың әкесі Шөкіні арнайы шақыртып алып, бірнеше күн әңгіме-дүкен құрып, бата-сын беріп шығарып салады екен. Содан болар Шөкі екі ұлының атын әулиеге қойғызған. Ол Шапық пен Риза болатын. Шапық деген — діни ұғым. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтен бата алған Шапық биік шыңдардан көріне білді. /7/.

Осы тұста әулие Мәшһүр-Жүсіп Көпеев атын қойған Қарқаралы өңірінде тұратын Иса шалдың жалғыз баласы Қарсақбай жас кезінен оқуға ден қойып, ақ пен қызылдың бақталас уақытында, ашаршылық кезінде қиындық көрмей, тек фашист қолынан жараланып келсе керек. Әкесінің Қарсақбайға туғанда қойған аты «Мұса» болса керек. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Қайдағыны қайдан қоясыңдар. Бұл ат балаға ауыр екен. Қарсақ деп өзгерттім. Ұрпақсыз болмайсың, тұяғың қалады. Ал немерелерің өздері біледі...», — десе керек. Иса Қарсаққа «бай» деген сөзді қосқан екен. Сол Қарсақбай 1969 жылы 65 жасында, адам қолынан қаза тапқан. Бірақ артында 4 қызы 2 ұлы қалған.

“Адамның жан құбылысы — оның рухани айнасы”, — демекші, жарықтық Мәшһүр-Жүсіп Көпеев тіршілігінде мағынасыз, мақсатсыз бас қосулардан алшақтау жүруге тырысқан жан. Мүмкін нарық заманында тұрғынын қадір-қасиетін түсіну, жан-жақты зерттеу науқаншыл тойлардан аса алмай қалатынын сезген де болар. Дегенмен де өмір озып, елдің сана-сезімі, ой-өрісі өскен сайын Мәшһүртану да биіктей түсетіні анық. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев төңірегінде әңгіме айта білетін қариялардың саны сиреп кетті. Бұл бағамыздың әулиелігі төңірегіндегі зерттеу

жұмыстарына біршама кедергілер келтіруде. Сондықтан да Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің әулиелігіне байланысты, ел арасындағы сақталған аңыз-әңгімелерді бір ортаға бүтін жинақтап, ертең кеш болары хақ. Жүсіп Баласағұнның “Жазылмаған іс көкейде көп тұрмайды”, деген сөзін жадында берік ұстаған Мәшһүр-Жүсіп, бар білгенін қағазға түсіруге әр қашанда асық болды. Сондықтан да ұлт мәселесіне байланысты құнды деректер қағаз бетіне өрнектеліп отырған. Ал өзінің жеке басына қатысты, әсіресе әулиелігі төңірегінде таралған аңыздарды жазып қалдыруға тырыспаған. “Бір елді аралағандағы естеліктерің мен әулиелігің туралы әңгімелерің, жеке бір тарих болар”, — деп тамсанған Әбәйділда қажыға Мәшһүр-Жүсіп:

— Ұрпағыма да ермек керек қой, — десе керек. Мәшһүр-Жүсіп — рақымды, төңіріміздің мейірбан жаны. Әрине, тізе берсең табыла беретін түңгілық маржаны. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевке «халықтың ұлы» деген ұғымны, мейіртанушылар, ұрпағы, замандастары емес, халқы өзі береді. Ал халықтың ұлы болуы — ұлылықтың бірден-бір шарты. Оның өзгелерден артықшылығы да осы болса керек. Сондықтан да Мәшһүр-Жүсіптің мұрасы қыры мен сыры көп, телегей теңіздей мол дүние.

Сөз соңында Республика жұртшылығына танымал азулы айтыскер аққандарымыздың бірі, шапсаына шан жұқптырмаған, түлпар тынысты ақын Жүмкен Сейтовтың әулиеге арнаған жыр жолдарын келтіре кетуді жөн көрдім.

*Сөзін қалған теңейтұғын асылға,  
Атың қалған ипейтін сан ғасырға.  
Бәйтерек ең терең жайған тамырын,  
Бір ұрпағың жыр оқып тұр басыңда.  
Тағдыр салса, сапа берсін салмағын,  
Нағандардың салдырмасын қармағын.  
Бозторғайдай шырылдаған баламмын,  
Қайда жүрсем, қорғап жүрсін аруағын.*

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә. Қ. Жаңиялық мұрағаты. 2-дөңгтер. Б-2. / Баянауылдық Төлепберген Адабергеновтың және Қарағандылық Смайылов Айткен жазбаларының көшірмесі.
2. Иманғали Маненов жазбаларынан алынды. Аударған Төлепберген Адабергенов. Ә. Қ. жаңиялық мұрағаты.
3. Бұл да сонда.
4. Әсет Қажымұқарлының жаңиялық мұрағаты. 2-дөңгтер. Б-4.
5. С. Көпеев. «Жірдізса хат» Жірдізса журналының 1994 ж. №9 басылымы 162-164 бет.
6. Өмірзақ бидің немересі Талаптың аузынан жазып алаң Саламбек ақсақал. Аталмыш дерек Нұржан Баймырзақұлының жаңиялық мұрағатынан алынды.
7. Әсет Қажымұқанұлы «Ғалым жайлы бір үзік сыр» Сарыарқа Самалы №54, 2002 жыл. 4-бет.

XIX ғасырдағы Ибрагим Шинаси, Намык Кемал, Зия паша, Тевфик Фикрет секілді түрік ағартушыларының либералды идеялары түрік жастары арасында патриоттық сезімдер мен ұлттық санадың қалыптасуына зор ықпал етеді. Осы кездегі Түркияның қоғамдық өмірінде әскер мемлекеттің жалғыз ғана орталықтанған желісі болатын. Енді ғана бой көтеріп келе жатқан ұлттық буржуазияның мүдесін көздеген әскери ортаны зиялылары кейіндері *"Бірігу және өркеніет"* аталған күшія жастүріктер ұйымына тоғысқан жасырын үйірмелердің алғашқы мүшелері болады.

Салоникидегі және Монастырдағы әскери мектептерде өткізген жылдарында Мұстафа Кемал күйреу қарсаңындағы сұрландық жүйе тыныс-тіршілігінің болымсыздығын, оның уақыт ағымындағы жанашылдықтарға ілесе алмауына кедергі факторларды сипаттайтын жойттерге жете мән беріп, өзіндік көзқарасына негіз жасайды. Осы кездегі Осман империясының халықаралық қатынастағы сыртқы саяси салмағын саралай білген жас Кемал бойында патриоттық көңіл-күй қалыптасады. 1899 жылы Монастырдағы әскери лицейді табысты аяқтаған Мұстафа Кемал Стамбұлдағы Жоғары әскери мектепке, кейіндері 1902 жылы Әскери Академияға түседі. Стамбұлда өзінің саяси дүниетанымын кеңейткен ол, түрік ұлтының болашақ тағдыры үшін алғашқы күрестің іргесін қалауға негіз болған Академия қабырғасындағы шағын күпия ұйымдарды құрып, соларға жетекшілік жасайды. Оның тікелей қатысуымен қолжазба түрінде шағын газет те шыққан еді. Алайда, саяси қауіпті деген айып тағылған Кемалға Академияны бітіріп, бас штабтың капитан шенін иелену мүмкіндігі бұйырмайды. Өзін ресми айыптайтын айғақтардың табылмауына қарамастан, оны бірнеше ай қамауда ұстағаннан соң, Еуропалық Түркияға емес, алыс Сирияға іс-тәжірибеге жөнелтеді [2, 8-10-бб.].

Сириядағы мезгіл ұзаққа созылмайды. Бірақ та бұл уақыт Кемалдың саяси тұлғасының саралануына аса маңызды сөт болады. 1906 жылы Кемал Дамаскіде *"Отан және бостандық"* деп аталған күпия революциялық ұйым құрады. Түрік либерализмінің алғы шарттарын жасау бағдары осы кезеңде қалыптасады. Сол жылы жартылай заңды түрде Салоникиге қайтып келген Кемал, *"Бірігу және өркеніет"* комитетімен байланысты жария етеді. 1907 жылы Сириядан біржолата кеткен ол, секунд-майор шенін алады да, Салоникидегі 3-ші әскер корпусының штабына тағайындалады.

1908 жылы Кемал өзге де қызметтестерімен бірге македондық офицерлер қатарында жастүріктер революциясына қатысады. Алайда, таяу арада саяси белсенділіктен бас тартады. Жас-

түріктер жетекшілеріне қойған әскердің саясаттан бөлінуіне байланысты талабы оның бұл әрекетіне түрткі болады.

Жастүріктер билігі тұсында Мұстафа Кемал өзін таза әскери іске арнайды. Бірнеше әскери такырыптарға арналған брошюралар жариялайды, албан көтерілісін басуға жіберілген әскери экспедицияға қатысады, Пикардиядағы француз әскерінің маневріне барады, Триполитан және Балкан ұрыстарына қатысады. 1911 жылғы майор, ал 1914 жылы – подполковник шенін алады [3, 25-29-бб.].

Бірінші дүние жүзілік соғыс басталғанда Кемал Софияда әскери атташе дәрежесінде қызмет атқарып жүреді. Түркияны соғысқа қатыстыруды көздеген жастүріктер жетекшілерінің әрекетінен хабарланған Мұстафа оларды бұл ниеттерінен айынуға тырысады, бірақ онысы нәтиже бермейді. Ол 1915 жылдан майданда болып, Дарданель майданындағы дивизия топтарына қолбасшылық етеді, генерал шенінде және паша титулымен Қапқаз майданында, Палестинада әскери қолбасшылық, соғыстың соңғы жылдарында аса мәртебелі сұлтанның құрметті адъютанты тигулында так мұрагері, принц Вахиддинмен бірге герман майданындағы қайыр ордасына сапар шегеді. 1918 жылдың тамызында ағылшындармен болған Палестин майданында Кемал-паша 7-әскердің қолбасшылығына екінші рет тағайындалады. Осы жерде ол Осман империясының өмір сүруін тоқтатқаны туралы халықаралық мәселені көтерген 30-қазадағы Мудросс бейбіт бітім-шарты жасалғанынан құлағдар болады. Алайда, жеңген державалар империя қарамағындағы араб жерлерімен қанаттатпа қоймай, Түркияның өзіне қарасты жерлерге де үміттенеді. Түрік халқына қауіп төнеді [3, 31-32-бб.].

1918 жылдың 30 қарашасында Мұстафа Кемал-паша Стамбұлға қайтып оралады. Қала ресми түрде оккупацияланбаса да, Антанттың бақылауында еді. Сұлтанның, министрлер мен депутаттардың патриоттық рухын оятуға талпынған әрекетінен тұк те шықпаған соң ол Анadolыға қайтып оралып, түрік ұлтының орташа тобы өкілдері арасында империалистердің жоспарына қарсы қарсыласу қозғалысын ұйымдастырмаққа көшеді. Бұл уақытта Анadolыда саяси және әскери-стратегиялық жағдай қалыптаса бастайды. Мудросс бейбіт бітім-шартынан кейін бұл жерде халықтың стихиялық көтерілісі басталады. Оңтүстік және батыс аудандарда оккупанттарға қарсы күресуші партизандық отрядтар құрылады. Шығыс бөліктерде ұлттық «құқық қорғау қоғамдары» белсенді әрекет ете бастайды. Кемалдың Анadolыға кетуі жоғары қызмет 9-әскери инспекцияның басшысы қызметіне тағайындалуымен рәсімделген еді.

Бұл тұстағы сұлтан үкіметінің Кемалды ауқымды өкілеттік беріп, жаңа тағайындауға жіберуі, оның көмегімен Шығыс Анадолыда «тәртіпті реттеу» болатын, сонымен бірге атакты, алғыр генералды Стамбұлдан ашпақ ұстау жоспары да бар еді. Өзінің өкілеттілігі, генерал шені, паша атағы және «ұлы мәртебелінің құрметті адъютанты» мансабы арқасында Кемал 1919 жылдың 19 мамырында Самсунға келісімен дәрежесін өзінің маңайына әскери және азаматтық тұлғадағы басшыларды жинауға пайдаланып, оларды шифрлі жеделхаттар жөнелтуде жұмсай біледі. Аздаған уақыттан соң сұлтан үкіметі өзінің қателігін сезінеді де, Сұлтан генералға Стамбұлға қайта оралуға бұйрық береді. Бірақ өз тағдырын сыртқы қауіптен күреске бағыттаған генерал 1919 жылдың 8 шілдесінде отставкаға өтініш білдіреді де, халқына қызмет ету үшін өзінің Анадолыда қалып, жеке тұлға болатындығын жариялайды [4, 78-80-бб.].

Осы кезеңнің басты оқиғасы 1919 жылдың 23 шілдесіндегі, оның шығысанадолылық ұлттық «құқық қорғау қоғамдарының» Эрзурум конгресінің ашылуындағы сөйлеген сөзі еді. Оның мазмұнында елдің тұтастығы және оның төуелсіз мемлекет ретінде өмір сүру құқығы, ұлттық жиналыс шақыру, ұлт мүддесіне қызмет ететін үкімет құру секілді басты мәселелер көтеріледі. Ал сол жылдың қыркүйегінде болған Сивастағы бүкілтуріктік «құқық қорғау қоғамдарының» конгресі Эрзурумдегіге қарағанда, халықты ұлттық мүддеге ашық тоғыстырған ұрандарымен мағыналы болып, біршама өткір сипатта өтеді. Бұл конгресте Кемалдың басшылығымен сайланған Өкілетті комитет Анадолыдағы жалғыз жинақ билікті – яғни, сипаты жағынан жаңа Түркияның уақытша үкіметінің міндетін атқарды. Кемаль Сивастағы конгресте Эрзурумда басталған ұлттық бағдарламаның негізін құрауды аяқтайды. Бағдарламаның маңызды бабы «ұлттық шекаралармен» байланысты болды. Бұл бапта Мудрос Фейбіт бітім-шарты жасалған күнгі уақытта Түрік жерлеріне кірген аймақтардың сақталуы, араб елдерінен бас тарту, османдық империя тұжырымынан ажырау көрсетілді. 1919 жылдың күз айларының соңында Анадолы мен Стамбұлдың арасындағы қатынас, біршама жұмсарады. Өйткені Өкілетті комитеттің сұлтанға ұлы өзбір Дамад Ферид пашаны отставкаға кетіру және депутаттар палатасын шақыруға байланысты талаптары қанағаттандырылған еді. Осы жылдың желтоқсан айында Кемал Өкілетті комитетті Сивастан Анкараға көшіреді. Бұл жерде сұлтан үкіметінің Стамбұлда емес, Анадолыда депутаттар палатасын шақыруға байланысты ұсынысты қайырып, анадолылық қозғалысқа қарсылығын жалғастыруда екендігі байқалады.

1920 жылдың көктемінде Еуропаның интервенттері Таяу Шығыстағы жетекші рөлді иеленіп алған ағылшындардың ыпқытауымен түрік ұлт-шылыдарына қарсы басып алу әрекеттерін жүргізе бастайды. 1920 жылдың 16 наурызындағы Стамбұлдың оккупациялануы және османдық парламенттің таратылуы, шын мәнінде Анадолыға қарсы соғыстың жариялануы болатын. Ұлттық ұйымдар бұл үндеуді қабыл алып, Өкілетті комитет жаңа жоғарғы билік құруға шешім қабылдайды [5, 24-28-бб.].

Бұл сонымен бірге, Кемалдың Стамбұлға қатысты саяси стратегиясының жаңа белесін тудырды. Стамбұл оккупацияланған соң Кемал Анкарада османдық конституцияны негіздемейтін, жаңа өкілетті мәжілісті – Түркияның Ұлы халықтық жиналысын шақырып, оған бүкіл елді басқару тармақтарын тапсыруды ұсына отырып, нағыз төңкерістік қадамдар жасайды.

Мәжіліс салтанатты ашылған сәттен бастап қызу жұмысқа кіріседі. Оның алғашқы басқосыларында сөйлеген сөздерінде Кемал осы уақытқа дейін істеген жұмыстарына баға бере отырып, ұлттық егеменділік туралы тезистерін ұсына бастайды. Жаңа Түркияның мемлекеттік құрылымының рәсімделуі бірнеше кезеңдерден өтеді. Оның әрқайсысы Еуропаның интервенттерімен күрес сәттерімен байланысты. Түркияның әскери және халықаралық жағдайымен қатар, Кемалдың мәжілістегі ұстанымдары да нығая түседі. 1921 жылдың қаңтарындағы Инөн елді мекені түбіндегі интервенттердің алғашқы жеңілісі, Кемалға ұлттық егеменділіктің негізгі ұстанымдары мен мәжілістің сөзсіз жоғарғы билігін Зандық негіздеу мүмкіндігін тудырды. 1922 жылғы интервенттердің талқандалуы ары қарайғы ұтымды қадамдарға, яғни сұлтанаттың жойылуы, османдық монархияда зайырлы биліктің орнауына жағдай жасайды. Мемлекеттік құрылымның түпкілікті өзгерістерін сипаттайтын кейінгі заңдық актілер оңшыл оппозицияның біршама өлсіздігімен көрінген екінші мәжілістің үлесінде болады. 1923 жылдың 29 қазанында жария болған Түркия Республикасының құрылуының сәті Мұстафа Кемал Ататүріктің мемлекет басшысы болуымен қатар келді. Бұл мемлекеттіліктің негізгі діңгегі 1924 жылы түрік мәжілісі қабылдаған Конституциясының ең мазмұнды тұсы елдің барлық азаматтарының түріктер болып аталып көрсетуімен ерекшеленді. 1924 жылдың 3 наурызында халифат түпкілікті жойылды [6, 15-18-бб.].

Мұстафа Кемал Ататүріктің Түркия Республикасын құрғаннан кейінгі батылдықпен жүргізген саяси-экономикалық және мәдени қайта құрулары Түрік Республикасының дамуына берік негіз қалады. Ол Түркияның идеологиялық мәдениетіне түбегейлі өзгерістер енгізіп, Түркия

Республикасына төн жана мәдениет калыптастырды. Атап айтканда, зайырлы қоғам құруды негіз еткен білім беру жүйесін калыптастырды. Сонымен бірге, әлібилдік реформа жасады. Латын әліпбиін қолданса енгізіп, түрік өркениетін жана бір деңгейге көтерді.

Ататүрік мемлекетшілдігі негіз еткен бір партиялық жүйедегі авторитаризмді билікті нығайтып, ұлттық буржуазияның дамуына, Түркия мемлекетінің ұлттық күш-қуатының нығаюына пәрменді қолбасшылық жүргізді.

Мұстафа Кемал Ататүрік сол кездегі халықаралық жағдайды ұтымды пайдаланып, шетел инвестицияларын тарту арқылы мемлекеттік және жеке меншіктік капитализмнің дамуына жол ашты. Түркияның геосаяси орнына сай дипломатияны жана бағытта құруға негіз жасады. М.Ататүрік өзі өмір сүріп отырған уақыттың өлемдік өркениет үлгісінде қоғам құруды негізге алды. Заман ағамында соншалықты өзгерісті түсіне қоймайтын адамдардың түсінігін өлі қалыптаспаған жағдайының өзінде-ақ санаға төңкеріс жасап, түркілік азамат келбетін жана менталитеттің тууымен құрды. Оны сол уақыт адамның санасын діни ұстанымдармен қоса өзгертіп құрған Ататүрікті еуропалық даму келбетінің үлгісі айқындап берді.

Жаңа құрылымдағы елдің экономикалық өлеуметін көтеруде ел азаматтардың өз күш-жігері мен ұлттық патриотизмін қолданса енгізу арқылы өлемдік нарыққа тетең беретін ішкі нарықтың қалыптасуына негіз жасаған мемлекет бүгінгі дамудың озық үлгісін дүние жүзіне таратуда. Ішкі нарыққа меркантильділіктің бағасын арттырды. Елдің заманының озық идеялары мен жаңалықтарына жетелеуде қолбасшы болған ататүріктік мемлекеттік жүйе бүгінгі Түркияның халықаралық саясаттағы зор сәлеметті ел ретіндегі саяси бағасын жасап берді.

Жаңа мемлекеттің жетекші ұлттың тілдік рухын асқататын ұлттық негіздегі рухты ұлттық идеологияға айналдыруы бірде-бір Елбасы жасамаған өте ауқымды да батыл өрекет. Ел басқарудың саяси амалдарына жанаша мазмун екелген заңдылық кодекстері азаматтық қоғам құру-дың талпырмайтын амалдарына айналып, кейбір елдерде бүгін ғана айтылып, қолға алынып жатқан ресми құқықтардың сол кездің өзінде-ақ өмір ережесіне енуіне жол ашты.

Бүгінгі замандағы барша түріктің рухани атасы бола білген Мұстафа Кемал Ататүріктің жасап берген мемлекеттік құрылымы Түркияның бүгінгі жетістіктеріне негіз қалап, тарихта өзгерудің механизмі мен үлгісін жасап берді.

Мұстафа Кемал Ататүріктің ыдыраған империядан республика құру тәжірибесінің

маңызы қазіргі уақытта “кенестік қызыл империя” бұғауынан азат болған түркілік негіздегі Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіз ел болып енесін түзетуінде де үлгі бола алады. Түркияның экономикаға және ұлттық саясатында кәсіпкерлік негіздегі ортақ қазіргі сыртқы саясатының теориялық базасының Ататүрік жасап кеткен қауіпсіздікке қамтамасыз ету, дамуын көздерін тиімді пайдалану және аймақтағы жетекші рөл секілді ұстанымдары өлі күнге дейін маңызы жоғалтқан жоқ.

Жоғарыда атап өткендей, қалыптасқан қондырманы біржолата жоя отырып, жана сураныстағы мемлекеттік жүйе жасауда Қазақстан да өзін тәуелсіз ел ретінде тұңғыш мойындаған түркиялық мемлекеттік құру тәжірибесіне сүйенеді. Оны Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіздікке қол жеткізген ағзаның уақыт аралығында жүргізіп отырған басқару саясаты мен жетістіктері айқындауда.

Қазақстанның тәуелсіздік алуын және оның дамуын Түркия Республикасының шынайы ізгі ниетпен қолдап-қуаттауын Мұстафа Кемал Ататүріктің нақты өбетінің ғасыр соңында іске асуы деп түсінеміз.

## РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются этапы формирования политической личности первого президента Турции Мустафы Кемала Ататюрка. Дается анализ политике Мустафы Кемала Ататюрка в сознании светского государства и определяется его место в международных отношениях.

М.Кемаль Ататюрк был духовным вождем всех турецких народов. Сегодняшние достижения Турции, как одного из передовых государств это результат верного пути, которого обозначил в свое время Кемаль Ататюрк.

\*\*\*

This article is about the first President of Turkish Mustafa Kemal Ataturk and his formation as political leader. It analyzes Mustafa Kemal Ataturk's policy (as the secular state sees it) and defines his role in international relations.

Mustafa Kemal Ataturk was political leader of Turkish people and he worked on formation of new State.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Бітімшілік саясатының тереңдетуге баса мән берілді / Ә. Құлбай // Егемен Қазақстан. - 2007. - 14 желтоқсан.*
2. *Ататюрк К. Избранные речи и выступления (Перевод с турецкого). М., 1966.*
3. *Ataturk K. Soylev. C. 1-2. Ankara, 1974.*
4. *Aksin A. Ataturk un dis politika ilkeleri ve diplomatasi. I.K. Istanbul, 1964.*
5. *Кемалпаша Мустафа. Путь новой Турции. Т. 1. М., 1929.*
6. *Миллер А.Ф. Очерки новейшей истории Турции. М., 1948.*